

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2024-2025 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№3 ХАТТАМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫ

Түркістан қаласы

23 қазан 2024 жыл

Өткізілген орны: Сенат залы

Өткізілген уақыты: 2024 жылдың 23-ші қазаны, сағат– 15:00

Қатысқандар – ОӘК мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары бойынша бакалавриат, магистратура, резидентура, докторантура ББ даярлау бағыттарының сәйкестігіне мониторинг нәтижелерін талдау (Баяндамашы: Академиялық департамент директоры А.М.Бостанова);
2. Бағдарламалық аккредиттеу постмониторинг жұмыстарын ұйымдастыру (Баяндамашы: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев);
3. «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2024» байқауына қатысатын үміткерлерді анықтау (Баяндамашы: ОӘК хатшысы).
4. 2024-2025 оқу жылында қысқы аралық аттестаттау емтихандарының қабылдау нысандарын бекіту (Баяндамашы: Факультет декандары, Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлім басшысы - Л.Ибрагимова);
5. ББ пәндері бойынша контенттердің толық және сапалы жүктелгеніне мониторинг нәтижелерін талдау (Баяндамашы: Факультет декандары, Факультеттің ОӘК төрағалары, Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев);
6. Әртүрлі мәселелер
 - 6.1. Денсаулық сақтау саласының мамандарына арналған біліктілікті арттыру оқу бағдарламаларын бекіту (Коммерцияландыру офисі, жоба менеджер – З.М. Байбуринова);
 - 6.2. Университет ОПҚ дайындаған оқулық, оқу-құралдарын, оқу-әдістемелік құралдары мен нұсқаулықтарын талқылап бекіту (Баяндамашы: Факультет төрағалары).

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Университеттің бакалавриат, магистратура, резидентура, докторантура ББ, кадрларды даярлау бағыты бойынша №4 бұйрықпен қойылатын талаптары сәйкестендірілсін, орындау мерзімі 05.11.2024 ж. және 10.11.2024 ж. бастап факультеттердің есебі тыңдалсын (*Жауапты – факультет декандары, кафедра меңгерушілері, кадр даярлау бойынша Академиялық комитеті, факультеттердің оқу-әдістемелік комитеттері, Сапаны қамтамасыз ету комиссия төрағалары, бақылау – Академиялық департаменттің тиісті бөлімдері*).

**Күн тәртібіндегі екінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2.1. 2024-2025 оқу жылындағы білім беру бағдарламаларын аккредиттеу және постмониторинг жүргізу мәселелері бойынша мәліметтер назарға алынсын;

2.2. Аккредиттеу агенттіктерінің аккредиттеу қызметіне бағалық ұсыныстарына мониторинг ұйымдастырылсын (*Жауапты – бас сарапшы Д.Сунақбаева, орындалу мерзімі 24.10.2024ж.*).

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

3. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2024» конкурсының I кезеңі бойынша конкурс талаптарына сай үміткерлер тізімі анықталып, сенат мәжілісіне ұсынылсын. (*Жауапты: ОӘК хатшысы – И.Усембаева*).

**Күн тәртібіндегі төртінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

4.1. 2024-2025 оқу жылының қысқы аралық аттестаттауды қабылдау түрлері бекітілсін;

4.2. Жазбаша емтиханның жауап парақтарын тексеру үшін біліктіліктері сол пәннің бейініне сәйкес келетін және әдеттегідей сол академиялық топта (лекте) оқыту сабақтарын өткізбеген профессорлар-оқытушылар құрамы жеткілікті болса өкіммен тағайындалсын (*Жауапты – факультет декандары*);

4.3. Емтихан сұрақтарының сапасына предмониторинг және емтиханның жазбаша жауап парақтарына постмониторинг жүргізілсін (*Жауапты: Факультет декандары, кафедра меңгерушілері, оқу-әдістемелік комитет төрағалары*);

4.4. Емтихан сұрақтарының сапасына предмониторинг және емтиханның жазбаша жауап парақтарына постмониторинг жүргізілсін (*жауапты: Өлшеу және бағалау секторы, Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі*);

4.5. Кез-келген жазбаша (жоба қорғау, эссе т.б.) жұмыстар антиплагиаттан тексеруден өтуі міндеттелсін (*жауапты кафедра меңгерушілері*);

4.6. Сессия басталуына 20 күн қалғанда, кешіктірмей емтихандардың бағдарламалық сұрақтары факультет деканымен бекітіліп сайтта жариялансын, білім алушыларға қолжетімді болсын (*жауапты: кафедра меңгерушісі*);

4.7. Жазбаша, тест-ЭЕМ, Мемлекеттік емтихан, ОҚКЕ емтихандардың бейнежазбаларының толығымен сақталуы қамтамасыз етілсін (*Жауапты: Ақпараттық технологиялар департаменті*).

Күн тәртібіндегі бесінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5. Контенттерді мерзімінде кешіктірмей жүктелуін қамтамасыз ету жауапкершілігі кафедра меңгерушілеріне, контент құрылымының толықтығы және сапалық талаптарға сәйкестігін қадағалау жауапкершілігі факультет ОӘК төрағаларына жүктелсін (*Жауапты: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев*).

Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

6.1 Денсаулық сақтау саласының мамандарына арналған біліктілікті арттыру оқу бағдарламалары төмендегі тізімге сәйкес бекітілсін (*Жауапты: Коммерцияландыру офисі, жоба менеджер – З.М. Байбуринова*).

1. «Тиімді перинаталды технологиялар» тақырыбында 120 сағат/4 кредит (қазақ, орыс). Құрастырушылар: Акушерлік-гинекология кафедра меңгерушісі м. ф. к., доцент Л.М. Бегімбекова мен аға оқытушы Р.Я. Утепова;

2. «Адамның маңызды гельминтоздары мен протозооздары» 60 сағат/2 кредит (қазақ, орыс). Құрастырғандар: Ішкі аурулар және фтизиатрия кафедра меңгерушісі, м.ғ.д., доцент Г.А. Утепбергенова мен аға оқытушы К.Ж. Камытбекова;

3. «Амбулаториялық-емханалық деңгейде терапиялық ауруы бар науқастарды жүргізу» 120 сағат/4 кредит (қазақ, орыс). Құрастырғандар: Ішкі аурулар кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к. Б.К. Аманбаева және кафедра доценті, м.ғ.к. К.Т. Байжанова;

4. «БМСК деңгейінде терапевтік пациенттерді басқарудың заманауи алгоритмдері» 60 сағат/2 кредит (қазақ, орыс). Құрастырғандар: Ішкі аурулар кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к. Б.К. Аманбаева және кафедра доценті, м.ғ.к. К.Т. Байжанова;

5. «Ішкі аурулар терапиясындағы инновациялық технологиялар» 2 кредит (60 сағат) (қазақ, орыс). Құрастырғандар: Ішкі аурулар кафедрасының

меңгерушісі, м.ғ.к. Б.К. Аманбаева және кафедра доценті, м.ғ.к. К.Т. Байжанова;

6. «Терапияның өзекті мәселелері» 120 сағат/4 кредит (қазақ, орыс).
Құрастырғандар: Ішкі аурулар кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к. Б.К. Аманбаева және кафедра доценті, м.ғ.к. К.Т. Байжанова.

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелі комитет
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**


6.2. Төмендегі көрсетілген оқу құралдары кезекті Сенат мәжілісіне ұсынылсын:

6.2.1. Жаратылыстану ғылымдары факультеті, «Биология» кафедрасының техн.ғ.к., доцент м.а. Ғ.И.Исаев пен Г.С.Халикованың «Жаратылыстану пәні бойынша тілді кіріктіре оқыту әдістемесі (6-сынып мысалындағы сөздігі мен тапсырмалар жинағы)» атты оқу құралы бекітілсін және ҚРҒЖБМ-нің грифін алуға Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің Оқу әдістемелік Бірлестігі (РОӘК ОӘБ) грифін алуға ұсынылсын (автордың өз қаражаты есебінен);

6.2.2. Медицина факультеті, «Акушерлік іс және гинекология» кафедрасының м.ғ.к., қауымдастырылған профессоры Р.Г.Нурхасимова, А.К.Аязбеков, К.Ж.Рыскельдиева, Г.Ш.Искакова, Ж.Е.Торғауытованың «Балалар гинекологиясының негіздері» атты оқу құралы (автордың өз қаражаты есебінен);

6.2.3. Теология факультеті, «Теология» кафедрасының PhD, аға оқытушысы Ж.Е. Нұрматов және PhD, аға оқытушысы М.Ж. Төлегеновтың «Имам Матуриди және қазақ ойшылдары» атты оқу құралы (автордың өз қаражаты есебінен).

**Оқу-әдістемелік комитет
хатшысы**



И.Б.Усембаева